



**Тауарларды таңбалау және олардың
бақылануының ұлттық жүйесі**




NAQTY ONIM тауарларды таңбалау және олардың бақылануы жүйесі контрафактімен және контрабандымен тиімді күресуге жағдай жасайды, заңды бизнесті, адал өндірушінің брендін және тұтынушыларды қорғайды


Тауарларды таңбалау және олардың бақылануы жүйесін қолданысқа енгізу арқылы заңды бизнес контрафактіден қорғану мүмкіндігін алады, ал оның нарықтағы абыройлы аты оның брендін жамылып сатылатын сапасыз өніммен байланысты абырой жоғалтымдарынан қорғашталатын болады.


Цифрлық таңбалау бизнеске өнімділікті жоғарылатуға, логистикалық схемаларды жетілдіруге, нарық үлесін арттыруға және нәтижесінде түсім көлемін ұлғайтуға мүмкіндік жасайды:




Контрафактілік және контрабандылық өнім үлесін азайту есебінен заңды өнім өндірушілер тауар тобына қарай нарық үлесін және өндіріс көлемін 5-50%-ға ұлғайтады.

-  **Бизнес өз өндірісін Just-in-Time қағидаты бойынша жүргізілетін жұмысқа көшіре алады.** Өнімнің қозғалысы туралы деректерді онлайн режимінде ала отырып, өндірісті оңтайлы жоспарлайды, қорларды азайтады және өнім айналымдылығын жоғарылатады

-  **Бизнес логистика ісінде едәуір көлемдегі қаржыны үнемдей алады:** Тауардың бақылануының толық жүйесін қолданысқа енгізгенде өнім өндірушінің немесе логистикалық компанияның сатылымдардың географиясы, қарқындылығы, маусымдылығы туралы өзекті статистикалық материалдарды алуы логистикалық схемаларды қайта құруға, тауар жеткізілімін және қойма қорларын оңтайландыруға мүмкіндік береді

-  **Бизнес есеп жүргізуді ретке келтіреді.** Қазірде көптеген кәсіпкерлердің қолында қоймадағы және дүкендердегі тауардың қалдығы мен олардың кодтары туралы деректер жоқ. Бұл істі автоматтандыру кәсіпкерлер үшін өз бизнесін жүргізуді жөнге келтіруге көмектеседі

-  **Бизнес NAQTY ONIM электрондық құжат айналымы сервистеріне көшеді.** ЭҚА сервистері құжат жүзіндегі құжат айналымы көлемін едәуір қысқартады және еңбек өнімділігін жоғарылатады

NAQTU ÓNIM жүйесі қалай жұмыс істейді



Тауарларды бақылау және олардың бақылануының ұлттық жүйесі өндіруші немесе импорттаушы тауар қаптамасында белгілеп көрсетуі үшін әрбір тауарға Data Matrix бірегей кодын белгілейді.

Цифрлық код – бұл тауардың жоғалтуға немесе қолдан жасауға келмейтін криптографиямен қорғалған паспорты. Ол тауардың толық жүріп өткен жолын әрбір кезеңде – зауыттан тұтынушыға дейін бақылауға мүмкіндік береді. Таңбалау жүйесі қолдан жасалған тауарды шығару мүмкіндігін жоққа шығаратын, тауарды сөреде жайғастырғанда және сату кезіндегі онлайн-кассада тексеруді қоса алғанда, тауардың барлық логистикалық тізбегі бойынша өтуін тіркейді.

1



Өндіруші цифрлық коды тауарға белгілеп жазады

2



Тауардың жүріп өтетін жолы әрбір кезеңде белгіленіп көрсетіледі

3



Дүкенде тауар коды сканерленеді және оны сөреде жайғастырады

4



Тауар кассада сатылды – жүйеде «код айналымнан шықты»

5



Тауар туралы бар шындық мобильді қосымшада

Ұлттық жүйе әрбір сатып алушыға дүкен сәресіндегі тауардың шыққан жерін тексеру мүмкіндігін ғана емес, сонымен қатар анықталған бұзушылықтар туралы хабарлауға жағдай жасайды

NAQTY ONIM жүйесінің бенефициарлары

Тұтынушы

- ✓ Тек қана заңды және сапалы тауарды сатып алу
- ✓ Өмірді және денсаулықты қорғау
- ✓ Тиімді қоғамдық бақылау құралын қолдану
- ✓ Тек қана заңды тауарларды пайдалану есебінен өмір деңгейін жоғарылату

Бизнес

- ✓ Нарықтан заңсыз өнімдерді ығыстырып шығару есебінен түсім өсіміне қол жеткізу
- ✓ Тең бәсекелестік жағдайлары
- ✓ Процестерді оңтайландыру және шығындарды азайту
- ✓ Жүйе деректері негізінде бизнес-аналитика сапасын жоғарылату
- ✓ Адал өндірушінің брендин қорғау

Мемлекет

- ✓ Нарықтардың ашықтығын жоғарылату
- ✓ Бұрмаланған және контрафактілік өнім үлесін азайту
- ✓ Бақылау тиімділігін жоғарылату
- ✓ Салықтар мен кеден төлемдерінің өсімі
- ✓ Еңбек өнімділігін арттыру

Цифрлық код – түпнұсқалылық кепілі

Data Matrix кодын тауар қаптамасына орналастыру контрафактімен және контрабандымен тиімді күресуге мүмкіндік береді, заңды бизнесті, адал өндірушінің брендин қорғайды, сондай-ақ мемлекетке салық түсімін жоғарылатуға жағдай жасайды



Таңбалауды криптография көмегімен
зауыттан тұтынушыға дейін қорғау



Таңбалаудың цифрлық коды бірегей, қайталанбайды, ұрланбайтын болып келеді, кез келген қаптамаға оңай белгіленіп көрсетіледі



Барлық тауар топтарына арналған бірыңғай шешім

Криптография = ақпараттың қауіпсіздігі



Тауар қозғалысының барлық кезеңінде мемлекеттік бақылау



Тауарды сатып алуға дейін/сатып алудан кейін мобильді қосымша арқылы тұтынушылар тарапынан қоғамдық бақылау



Онлайн-кассанда тауарды айналымнан шығару кезінде оффлайн режимде де тексеру

Data Matrix коды екі бөлікке бөлінеді: тауардың жүйедегі және бірыңғай тауар каталогындағы позициясын айқындайтын сәйкестендіру коды; және оператор криптография технологиясын пайдаланып жасайтын тексеру коды немесе крипто-соңы.

Әрбір кезеңдегі тауар қозғалысын тіркеу есебінен **NAQTY ÓNIM** жүйесінде тауардың қосарланған даналарының және жарамдылық мерзімі өткендерін қоса алғанда, тауарларды нарыққа қайта шығару мүмкіндігін жоққа шығарады.

Қоғамдық бақылау – NAQTY ÓNIM жүйесінің басты элементі



1 Міңдетті таңбалауды енгізгеннен кейін Data Matrix коды бар тауарларды таңдаңыз



2 Тауардың заңды екенін тексеру үшін цифрлық кодты сканерлеңіз



3 Тауар туралы барлық шындықты: атауы, шығарылған жері, жарамдылық мерзімі және көптеген т.б. мәлімет алыңыз



4 Бұзушылықтар туралы хабарлаңыз және өз өтінішіңіз бойынша жасалып жатқан жұмысты қадағалаңыз



5 Заңды тауарларды сатып алыңыз және өміріңіздің сапасын жақсартыңыз

Таңбалауды енгізу арқылы тауардың құны қазіргі деңгейден кемінде 10%-ға азаяуы мүмкін



Заңсыз өнімнің азаюы

Тауар бағасының азаюы **5-10%-ға**


Заңды өндіруші нарықта заңсыз өнім үлесін азайтудың арқасында нарық үлесін және өндіріс көлемін 50%-ға дейін ұлғайтады. Тиісінше, бизнес өнімнің өзіндік құнын төмендетеді және тауар бағасы қазіргі баға деңгейінен орташа алғанда 5-10%-ға қысқарады



Ашық тауар өткізу желісі

Тауар бағасының азаюы **2-10%-ға**

Өнім өндірушінің қоймасынан дүкен сөрелеріне дейінгі тауар өткізу желісінің ашықтығын жоғарылату арқылы артық өткізу тізбегінің саны және тауардың негізсіз үстеме бағалары қысқарады



Өнім өндірушілер үшін тауардың бақылануы қызметінің құны темекі өнімдерін таңбалау бойынша пилоттық жобаны жүзеге асырғаннан кейін анықталатын болады

Жоспарлау, қорлар, айналымдылығы


Тауар бағасының азаюы **1-2%-ға**

Тауарлардың қалдығы туралы деректердің қолжетімділігі бизнес үшін өндірісті оңтайлы жоспарлау, қорларды азайту және өнім айналымдылығын жоғарылату мүмкіндігін береді. Өнімнің өзіндік құны азаяды – тауар бағасы 1-2%-ға төмендейді

Персоналдың қателерін азайту

Персоналдың қателерімен байланысты шығындарды азайту **5-10%-ға**

Клиенттің тапсырыстарын жинау немесе ілеспе құжаттарды дайындау кезінде персоналдың қателерімен байланысты шығындарды 90-95%-ға дейін азайту



Логистика

Операциялық шығындарды азайту есебінен үнемдеу **20%-ға**

Жүктерді өңдеу процесімен байланысты операциялық шығындарды азайту есебінен логистикадағы үнемдеу 20%-ға дейін



Басып шығару және сканерлеу жабдығы жоқ болған жағдайда оны сатып алу шығындары қарастырылуы мүмкін

Тауарларды таңбалау және олардың бақылануы жүйесін енгізу тауар айналымының барлық қатысушыларының процестерін автоматтандырады, нәтижесінде тауар құнын 10%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді





Смартфонында **NAQTY ÓNIM** мобильді қосымшасы орнатылған әрбір адам тауарлардың заңды не заңсыз екендігін тексере алады. Жақын арада ол App Store және Google Play сервистерінде қолжетімді болады.

Бұл қосымша өнім өндірушілер тауар қаптамасында белгілеп көрсеткен Data Matrix цифрлық кодты оқиды және тексеріс нәтижелерін бірден шығаратын болады.

Data Matrix коды – бұл өнімнің электронды паспорты, ол арқылы тауар жайлы барлық дерлік – өндірілген орны, күні мен уақыты, жарамдылық мерзімі, тауардың бір меншік иесінен басқасына өтуі, сату күні және орны туралы мәліметті білуге болады.

Криптографиялық технологиялардың арқасында цифрлық кодты қолдан жасау немесе түзету қиынға түседі, ал тауар туралы деректерді жүйеден алып тастау мүмкін емес.

Қазақстан аумағында минут сайын мыңдаған мобильді тексерулер орындалатын болады және қоғамдық бақылаудың арқасында нарық шын мәнінде ашық үрдіске айналады.



Ұлттық тауар каталогы

Ұлттық каталог – **NAQTY ONIM** жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі.

Жаңа жүйеде нарықта сатылатын барлық тауарлар туралы ақпарат шоғырланатын болады, бұл деректер біріздендіріледі, ал оларға тегін әрі ашық қолжетімділікті тауар айналымына қатысушылардың барлығы қол жеткізетін болады.

Өнім өндірушілер, дистрибьюторлар және бөлшек сауда желілері деректерді басқарумен байланысты шығындарды көтермейді.

Каталогтың балама нұсқалардан айырмашылығы - оның мемлекеттік ақпараттық ресурстармен интеграциялануы, жекелеген тауарларды сату үшін қажетті рұқсат беруші және ілеспе құжаттаманы сақтау мүмкіндігі болып табылады.

Каталог СЭҚ ТН, ЭҚТ ӨЖ мемлекеттік классификаторлармен және GS1 жүйесімен жұмыс істейтін болады. Каталог тауар позицияларының бірыңғай базасын қалыптастырады және өнім өндірушілер мен импорттаушылар үшін оған жаңа өнім позицияларын енгізуге мүмкіндік береді.

